

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ 60 ЖЫЛ

Алакөл өңірінің қасиетті шекарасын күзетіп келе жатқан әскери ұжымның абыройлы тарихы бар. Биыл ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының құрылғанына 60 жыл толып отыр. Бұл мерейтой - шекара басқармасында қызмет етіп жүрген әр шекарашының, сондай-ақ осы ұжымның тарихында тер төккен ардагерлердің еңбегіне деген зор құрметтің белгісі. Алпыс жыл еліміздің шекарашылары үшін азғантай уақыт емес. Сондықтан да мерейтойға арналған шаралардың аясы да кең көлемде ұйымдастырылды.

Ғылыми-практикалық конференция

60 жылдыққа арналған «Үшарал шекара жасағының қалыптасуы мен дамуының тарихи аспектілері» атты ғылыми-практикалық конференция Талдықорған қаласында өтті.

Салтанатты жиынға ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ардагерлері, Шекара академиясының ғалымдары, жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Конференцияның басты мақсаты - Алакөл

(Жалғасы 6-бетте).



ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ЖОҒАРЫ
БАЙЛАНЫС
БӨЛІМШЕСІ

4



РЕСПУБЛИКА КҮНІ –
ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАН-
ДАРЫНА ТАҒЗЫМ

5



«ОТАН
ШЕБІНДЕ –
ЖАС
ОФИЦЕРДІҢ
АДАЛ
ҚЫЗМЕТІ»

9

ШЕКАРАШЫЛАР ҚАЛҒЫМАЙДЫ

8-30 қыркүйек аралығында өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, ҰҚК Шекара қызметі «Жалдамалы – 2025» өңірлік леңкестікке қарсы операциясына қатысқан болатын. Негізгі күш леңкестік және экстремизмге қатысы бар тұлғаларды анықтауға бағытталды.



Аталған антитеррорлық операцияға ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаменті де белсене атсалысты. Мұны қазақ-қырғыз және қазақ-қытай шекарасының бойында жүргізілген шекаралық рейдтер кезінде құрықталған шекара бұзушыларға қатысты деректер мен дәйектер нақтылай түседі. Біз бүгін солардың бірнешеуіне тоқталғанды жөн көрген едік.

...Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Жалаңаш» шекара бөлімінің учаскесінде екі қазақстандық қолға түсті. Олар мемлекеттік шекарадан 20 шақырымдай жердегі Екіашада не істеп жүр деген сауалды індетте келе білгеніміз, алдын ала түскен ақпаратқа сай тұтылған отандастарымыз мұнда «Қызыл кітапқа» енген өсімдікті жинап жүріпті. Өздерінің айтуынша, Райымбек ауданындағы Сарыжаз ауылының тұрғындары «бояғыш макротомия» деген өсімдікті тамырын жинап, дәрілік препараттар жасаумен айналысатын Айдар есімді тұлғаға өткізсе, көл-көсір ақшаның астында қалатын көрінеді. Өкінішке орай, оңай пайдаға көнелмек болып, жинамақ түгілі, қолмен ұстауға қатаң тыйым салынған емдік қасиеті бар тамырдың 1 келісін 10 мың теңгеге өткізбек болғандардың бастарына қара бұлт үйірілді.

Ал мына азамат Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Көл-жат» шекаралық бақылау бөлімшесі арқылы өту кезінде заң аясында белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін әкімшілік жаза арқалады. Көрші Қытай еліне жету үшін күре жолдың үстінде тұрған шекаралық бақылау бөлімшесінің аумағына өзінің темір тұлпарын екі күнге қалдырған. Өзінің қадамы заңға қайшы болып тұрса да...

Осы жерде еріксіз еске түседі, бір

жолы Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Алмаарасан» шекара бөлімшесінде болғанымыз бар. Іле Алатауының сұлулығын ғана емес, суының аспан түстес Үлкен Алматы көлін тамашалау үшін әлемнің әр түкпірінен асығып жететін туристердің барлығы бірдей заңға бағына бермейді. Міне, осындай жауапсыз тұлғалармен ымырасыз күрес жүргізіп келе жатқан шекарашылар туралы мақала жазу үшін теңіз деңгейінен үш мың метрлік биікке көтерілген біз көлге ынтыға көз тастаған шетелдік қонақтардың қасына жақындадық. Сол-ақ екен, жүздерінен көрші аспанастаны елінің азаматтары екенін айдан анық етіп тұрған бикештер біздің шекара нарядына ағылшын тілінде сұрақты жаудырмасы бар ма? Ғажабы сол біздің екі сарбаз да тосылған жоқ, сұрақ-жауап диалогын жалғастырып әкеткен... Өздері мүдірмейді, ағып тұр. Міне, жаңа Қазақстанның жас азаматтары! 10 мың теңге табу үшін жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұрған тамырды іздеп, шекара бойын шарлағанша, мына сарбаздар секілді өз Отанын қызғыштай қорғамай ма?

...Әрине, бір айға жетебабыл уақытқа созылған операция кезінде шекарашылар контрабандашыны да, барымташы мен шекара режимін бұзушыны да құрықтады. Бұл үшін оларға жергілікті тұрғындардың арасынан тартылған ерікті жасақшылардың тигізген көмектері аз емес. Мұны бізге келіп түскен мәліметтер айғақтай түседі.



ҚР Журналистер одағының мүшесі Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP». Сурет департамент мұрағатынан.

ҚҰРЫЛЫМДАР ІС-ҚИМЫЛЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙДЕ

2025 жылдың қыркүйек айының 23–27 аралығында Түркістан мен Қызылорда облыстарының шекаралық учаскелерінде ҰҚК Шекара қызметінің «Қиылысу-2025» атты екі-жақты ауқымды жедел-тактикалық оқу-жаттығуы өтті. Бұл бес тәуліктік шара шекара қауіпсіздігін нығайтуға, заңсыз қарулы құрылымдарды анықтау және залалсыздандыру бойынша іс-қимылдарды жетілдіруге бағытталды.

Жаттығудың басты тақырыбы – «Шекаралық кеңістікте заңсыз қарулы құрылымдарды іздеу мен жою жөніндегі арнайы операция». Бұл мақсатқа жету үшін шекара бөлімшелері, ұлттық ұлан және басқа да мемлекеттік құрылымдар бірлесе әрекет етіп, әртүрлі жағдайларда өзара үйлесімділікті тексерді. Жаттығудың басты міндеті – Шекара қызметінің Түркістан мен Қызылорда облыстары бойынша департаменттерінің құқық қорғау органдарымен, қарулы күштермен және өзге де мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылын сынау болды. Жаттығу барысында «Қызылдар» тобы қарсыласты анықтау, ұстау және залалсыздандыру міндетін орындаса, «Қоңырлар» қарсылас рөлін ойнап, барлау, тосқауыл қою және имитациялық әрекеттер жасады.

Жаттығуға ҰҚК Шекара қызметінің арнайы бөлімшелері, Ұлттық ұланның жедел роталары, сондай-ақ өзге де құқық қорғау органдары жұмылдырылды. Түркістандағы «Телеби»,

«Сарыағаш», «Мақтаарал» шекара басқармалары шекаралық пункттерімен бірге қимылдады. Үйлестіру мен басшылықты Шекара қызметінің өңірлік департаменттері жүзеге асырды. Әр кезеңнің ұзақтығы, шартты тапсырмалары, оқу-жаттығу ауданы нақты белгіленіп, шынайы жағдайға барынша жақындатылды. Жаттығу жоспары нақты қауіптерге бейімделген: Түркістан өңіріндегі шартты «Дала» мемлекетінің аумағынан келетін заңсыз топтарды бейтараптандыру сценарийі қарастырылды. Бұл шекарадағы нақты географиялық, климаттық және әкімшілік ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік берді. Қызыл және жасыл тану таңбалары, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, байланыс пен қауіпсіздік ережелері толық сақталды. Оқу-жаттығу кезінде әскерилер тактикалық маневрлермен қатар, жарақат



алғандарға алғашқы медициналық көмек көрсету, түнгі және қиын бедерлі жерде бағдарлау машықтарын да пысықтады.

«Қиылысу-2025» оқу-жаттығуы – шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі жауапкершілік пен табандылықтың нақты көрінісі. Ол шекарашылардың кәсіби біліктілігін шыңдап қана қоймай, түрлі құрылымдардың үйлесімді іс-қимылын жаңа деңгейге көтерді. Бұл оқу-жаттығу мемлекеттік шекараның

мызғымастығын нығайтып, еліміздің қауіпсіздігін қорғау жолындағы шекара сақшыларының абыройлы еңбегін тағы бір мәрте айқындап берді.



Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-CP». Сурет шекара басқармасынан.

МЕМЛЕКЕТ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ НҮКТЕ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты “Ауыл” теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше орынға ие.

Бөлімшенің негізгі қызметі – мемлекеттік шекараны күзету, жолаушы пойыздарындағы адамдар мен олардың құжаттарын тексеру, сондай-ақ жүк пойыздарындағы көлік құралдары мен жүктерді бақылаудан өткізу. Бұл бөлімше ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі №648 бұйрығымен құрылып, Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекарадағы маңызды бақылау нүктелерінің біріне айналды. Оның стратегиялық маңызы – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз көші-қонға тосқауыл қою және контрабандалық әрекеттердің алдын алу болып табылады.

“Ауыл” (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы – капитан Жумабаев Бауыржан Мырзанұлы. Ол шекара қызметінде ұзақ жылдар бойы түрлі жауапты лауазымдарда қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтаған. 2017–2018 жылдары Жезкент шекаралық заставасы бастығының орынбасары, 2018–2019 жылдары 2034 әскери бөлімінде 2-топ командирі, 2019–2020 жылдары “Уба” шекара бөлімшесінің бастығы, 2020–2021 жылдары “Жезкент” шекара бөлімшесінің бастығы, 2021–2022 жылдары “Қызыл ауыл” шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, 2022–2024 жылдары “Ауыл” (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімінің офицері, 2024–2025 жылдары “Ауыл” (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімінің екінші бөлімшесінің бастығы болып қызмет еткен. 2025 жылдан бастап “Ауыл” (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы қызметін атқарып келеді.

Бөлімше арқылы күн сайын жүздеген жолаушы және жүк пойыздары өтеді. Орташа есеппен алғанда, Алматы – Новосибирск бағытындағы пойызбен жаз айларында 400-ге жуық, күзде 270-ге жуық, қыста 280-ге жуық адам шекарадан өтсе, Бишкек – Новосибирск пойызында жазда 250, күзде 200, қыста 150 адам тексеруден өтеді. Ал Ташкент – Новосибирск пойызында жаз айларында 150-ге жуық, ал күз бен қыста 300-ге жуық адам ше-

каралық бақылаудан өтеді. Сонымен қатар жүк пойыздары бойынша күніне орта есеппен 30 адам тексеруден өткізіледі.

Шекарашылардың негізгі жұмысы мемлекеттік шекараны күзету, заңсыз әрекеттерге жол бермеу, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қамтамасыз ету, терроризм мен экстремизм қаупінің алдын алу, сондай-ақ халықаралық және аймақтық тұрақтылықты сақтау болып табылады. Қызмет барысында жолаушылардың және жүк пойыздарының құжаттарын тексеру, ҚР-ға кіру мен шығуға шектеулер тізімі бойынша салыстыру, қызметтік иттердің көмегімен жүктер мен көліктерді тексеру, күмәнді тұлғаларды әңгімелесу арқылы анықтау жүзеге асырылады. Көбіне шетел азаматтарының көші-қон заңнамасын бұзуы, жалған құжатпен шекарадан өтпек талпыныстар, контрабандалық тауарлар мен есірткі тасымалдау және қос азаматтық фактілері анықталады.

Теміржол шекаралық бақылауы автомобильдік бақылаудан ерекшеленіп тұрады. Себебі пойыздағы жолаушылардың көптігі, олардың бір мезетте шекарадан өтуі, түрлі бағыттағы жолаушылар мен жүк пойыздарының қозғалысы тексеру шараларын күрделендіреді. Жасырын compartments арқылы контрабандалық тауарларды өткізу қаупі жоғары болғандықтан, шекарашылардың жұмысы мұқият әрі жылдам болуы шарт.

Бүгінде “Ауыл” бөлімшесінде заманауи техникалық құралдар қолданылады. “МАРМ – Regula 8333M.111” құжаттарды тексеру құрылғысы, “Buster” көлік құралдарының жасырын бөлімдерін тексеруге арналған құрал, “Regula 4305DMH” оптикалық-электрондық бақылау жүйесі, “Barrett 2090” радиобайланыс құрылғысы, “Хрозе” жүктерді рентгендік бақылау жүйесі және көлік астын тексеруге арналған “Досмотровое зеркало” сынды жабдықтар шекарашылардың жұмысын жеңілдетеді. Сонымен бірге электронды деректер базасы, бейнебақылау жүйелері, радиобай-

ланыс құралдары және қызметтік иттер кеңінен қолданылады.

Шекарашылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясында, сондай-ақ көрші елдердегі арнайы оқу орындарында оқыту жүргізіледі. Жеке тұлғаны сәйкестендіру, құжаттарды сараптау, психологиялық дайындық және төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді. Ресей Федерациясының Локоть теміржолдық шекара бөлімшесімен өзара әрекеттесу арқылы заң бұзушылықтарды анықтауда ақпарат алмасу да жолға қойылған.

Қызмет барысында түрлі оқиғалар орын алады. 2022 жылы қызметтік иттің көмегімен жүк пойызынан темекі өнімдерінің ірі партиясы табылды. 2023 жылы бір азамат шекараны жалған құжатпен кесіп өтпек болған кезде, құжаттарды тексеру құрылғысы заң бұзушылықты әшкереледі. Белгісіз жүк вагондарында күмәнді сөмке табылып, жарылғыш зат болуы мүмкін деген күдікпен қауіпсіздік шаралары жүргізілді.

Шекарашыларға әлеуметтік қолдау шаралары да қарастырылған. Әскери қызметшілер киім-кешекпен және тамақтанумен толық қамтамасыз етіледі, тұрғын үй төлемдері төленеді, олардың балаларына балабақшаға кезексіз қабылдану мүмкіндігі бар, медициналық көмек көрсетіледі. Жас ұрпаққа шекарашы мамандығын насихаттау мақсатында түрлі кездесулер ұйымдастырылып, бұл мамандықтың жауапкершілігі, патриотизмді талап ететіні, сондай-ақ мансаптық өсу мен әлеуметтік тұрақтылыққа жол ашатыны түсіндіріледі.

“Ауыл” теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі – Қазақстанның шекара қауіпсізді-



гін қамтамасыз етудегі маңызды нүктелердің бірі. Оның қызметі мемлекеттік шекараны қорғау, заңсыз көші-қонмен және контрабандамен күресу сияқты негізгі міндеттерді қамтиды. Болашақта бөлімшенің техникалық жабдықталуын жетілдіру, қызметкерлердің кәсіби дайындығын арттыру және цифрлық технологияларды енгізу басты даму бағыты болып қала бермек. Капитан Жумабаев Бауыржан Мырзанұлы басқарып отырған бөлімшенің әрбір әскери қызметшісі елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау жолында абыроймен қызмет етуде.



**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан**

МИССИЯ – ЛЮБИТЬ РОДИНУ

На северных рубежах нашей Родины несет службу один из старейших подразделений Департамента ПС по СКО – пограничный отдел «Кызылжар», который был открыт в 2001 году в числе первых трех пограничных застав вновь образованной воинской части. Именно здесь, начиналась история современной пограничной службы на северных рубежах страны. Со временем на его базе была сформирована пограничная комендатура, ставшая опорным пунктом охраны государственной границы в Северо-Казахстанской области.

Сегодня в состав отдела входят три действующих пункта пропуска и семь пограничных отделений, которые надежно обеспечивают суверенитет и спокойствие нашей страны. За 2025 год военнослужащими отдела достигнуты весомые результаты. Так, за нарушение пограничного режима были задержаны 110 человек, сумма взысканных штрафов составила более 2 млн тенге. За нарушение режима государственной границы задержано 18 человек, что принесло в государственный бюджет более 700 тыс. тенге. Это – не просто цифры, это – пример живого щита Казахстана, несгибаемой линии Государственной границы.

Принципиальная и решительная работа военнослужащих отдела позволила своевременно выявить и пресечь правонарушения, восстановить законность и обеспечить незыблемость границ.

Служба Родине не ограничивается патрулированием рубежей. Военнослужащие пограничного отдела «Кызылжар» – активные участники общественной и культурной жизни области. Они неизменно демонстрируют пример гражданской ответственности, патриотизма и преданности народным традициям.

Пограничники ежегодно участвуют в чествовании ветеранов Великой Отечественной войны, воинов-интер-



националистов и воинов-афганцев, проводят минуты молчания, возлагают венки к памятникам павших героев, принимают участие в патриотических встречах, круглых столах и семинарах.

Особое внимание уделяется духовному воспитанию молодежи. Примером стало участие военно-патриотического клуба «Жас шекарашы» пограничного отделения «Жамбыл» в видео-конкурсе «Шекара мұрагері», по итогам которого он был награжден в г. Астана.

Не забывают военнослужащие и о помощи тем, кто попал в трудную жизненную ситуацию. В рамках ежегодной благотворительной акции «Дорога в школу» оказывается адресная спонсорская помощь детям из малообеспеченных и многодетных семей. Ведь настоящий пограничник – это тот, кто защищает не только границу, но и слабого, нуждающегося, каждого гражданина своей страны.

Пограничный отдел «Кызылжар» – это гордость Пограничной службы, оплот государственной безопасности и символ патриотизма. Здесь служат мужественные, стойкие, верные своей присяге воины, для которых долг перед Отечеством – священен.

Каждый день и каждую ночь, в любую погоду, в любой обстановке, они стоят на посту, охраняя мирное небо, территориальную целостность и спокойствие родной земли. Их служба – это не просто работа, это – миссия, продиктованная любовью к Родине и уважением к закону.



**Майор
Д. МУКАЖАНОВА,
«OS-ЧР».
Фото из
подразделения
границы.**

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕСІ

Қазақ халқы ежелден-ақ туған жерінің әрбір қарыс жерін қасық қаны қалғанша қорғаған халық. Сол ата-баба аманатына адалдықтың жарқын үлгісі – бүгінгі күннің шекара сақшылары. Ақтөбе өңірінде ел сенімін ақтап, шекара шебінде қалтқысыз қызмет етіп жүрген ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті байланыс бөлімшесінің шекарашылары – сол рухтың бүгінгі жалғасы іспетті.

Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінде әрбір бөлімшенің өз орны, өзіндік ерекшелігі бар. Солардың ішінде, сырт көзге аса көрінбегенімен, ел шебін күзетуде шешуші рөл атқаратын маңызды сала – байланыспен қамтамасыз ету бөлімшесі. Бұл бөлімшенің әскери қызметшілері – Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты шекара бөлім, бөлімшелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп келеді.

Шекараның кез келген нүктесіндегі ахуалды дер кезінде жөндеп, шекара шебінің арасындағы үйлесімді байланысты қамтамасыз ету – осы бөлімшенің күнделікті жұмысы. Байланыс үзілген сәтте басқару да қиындайтыны белгілі. Сондықтан байланыспен қамтамасыз ету бөлімшесінің басты міндеті – шекара қызметінің барлық деңгейінде тұрақты әрі сенімді ақпарат алмасуды ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі таңда бөлімше бас-

тығы подполковник Амир Майленовтың бастамасымен біршама жүйелі жұмыстарды ұйымдастырудың арқасында іргелі дамып келеді. Осы күнге дейін бірнеше мәрте жетістіктердің шыңын бағындырды. Атап айтқанда, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2024 жылғы жауынгерлік іс-әрекеттерін қорытындылауда «Үздік байланыс торабы» атанды.

Бөлімше заманауи байланыс жүйелерімен жарақтандырылған. Радиобайланыс, спутниктік арналар, қорғалған телефон және интернет желілері – шекарадағы негізгі құралдар. Тәулік бойы қызмет атқаратын мамандар техникамен қоса, оны меңгерудің жаңа тәсілдерін де жетік біледі. Әрбір байланысшы үшін басты қағида – сенімділік пен уақытылы ақпарат жеткізу.

Бұл бөлімшеде қызмет атқаратын әскери қызметшілердің басым көпшілігі – өз ісінің шеберлері. Олар әскери-техникалық даярлықтан бөлек, жоғары жауапкершілік пен табандылықты



талап ететін салада еңбек етеді. Байланысшылар арасында жаңа буын жас мамандармен қатар, тәжірибесі мол офицерлер бар. Ұрпақ сабақтастығы сақталып, кәсіби дағды үздіксіз жалғасып келеді. Күнделікті қызметтен бөлек оқу-жаттығуларда өздерінің міндеттерін жоғары деңгейде көрсете білетіндіктері тағы бар.

Байланыспен қамтамасыз ету бөлімшесі – нағыз «көзге көрінбейтін майдангерлердің» ұжымы. Шекарашылар алдыңғы

шепте Отан күзетінде тұрса, байланыс мамандары олардың сенімді арқауы, ақпараттық діңгегі бола біледі. Жаңа жағдайға жылдам бейімделу, қиын сәтте шешім қабылдау, қырағылық – олардың кәсіби болмысының ажырамас бөлігі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментінің байланыспен қамтамасыз ету бөлімшесінің әскери қызметшілері – шекара қауіпсіздігінің сенімді көпірі. Олардың қажырлы еңбегі арқа-

сында әрбір әскери бөлімше үздіксіз байланыспен қамтамасыз етіледі. Шекарашылардың «Қырағылық – басты қаруымыз» деген ұраны осы бөлімнің қызметіне де толық сай келеді.



Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
 Суретті түсірген автор.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖҰМЫС

БІРЛЕСКЕН БАСТАМАЛАР МЕН НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Бүгінгі таңда жаһандық геосаяси қауіпсіздікке төнген жаңа сын-қатерлер жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде мемлекеттік шекараны қорғау – мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі болып отыр. Осы ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қорғаныс министрлігі бірлесіп, ел шекарасында көшенді инженерлік іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Бұл шаралар – шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі нақты әрі пәрменді қадамдардың бірі.

Осы мақсатта ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастамасымен және жоспарлы оқу-жаттығу іс-шаралары аясында 2025 жылға арналған инженерлік-оперативтік оқыту және қолдану жоспарына сәйкес, шекара маңындағы бірқатар стратегиялық учаскелерде арнайы жарылыс жұмыстары ұйымдастырылды. Жұмыстар шекара шебіне жақын орналасқан Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Маралды» және «Мойылды» шекара бөлімшелерінің жауапкершілік аумағында өтті.

Атап айтқанда, «Маралды» шекара бөлімшесінен 17 шақырым, ал мемлекеттік шекара сызығынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан «Притор» деген елді мекенге жақын маңда, ұзындығы 250 метр, ені 3-5 метр, биіктігі 10-15 метр болатын жартасты аймақта жарылыс жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, «Мойылды» шекара бөлімшесінің қарамағындағы, мемлекеттік шекара сызығынан небәрі 300 метр қашықтықта орналасқан учаскеде – жалпы ұзындығы 50 метр болатын тау жартастары қопарылып, қажетті инженерлік жолдар салына бастады. Бұл учаскелер шекаралық қауіпсіздік тұрғысынан ерекше мәнге ие, өйткені олар арқылы шекара бұзушылардың заңсыз өту ықтималдығы жоғары болып есептеледі.

Аталған жұмыстар ҚР Қорғаныс министрлігінің инженерлік әскерлерінің қатысуымен, жоғары деңгейде ұйымдастырылған бірлескен оқу-жаттығу шеңберінде жүргізілді. Бұл жат-



тығулар шекара бойын инженерлік тұрғыдан нығайтып қана қоймай, сонымен қатар шекара қызметі мен әскери бөлімшелерінің өзара іс-қимылын жетілдіруге бағытталды. Инженерлік жолдардың құрылысы шекара маңындағы аумақтарда жедел әрекет етуге, шекара бұзушылардың ықтимал бағыттарын бақылауға алуға және төтенше жағдайда күштерді жедел жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Оқу-жаттығу барысында бірқатар маңызды міндеттер шешімін тапты. Ең алдымен шекара сызығының инженерлік жабдықталуы жетіл-

діріліп, шекараны заңсыз кесіп өтуге тырысатын топтарға тосқауыл қою шаралары пысықталды. Сондай-ақ, шекара бөлімшелері мен әскери бөлімдердің материалдық-техникалық базасын бірлесіп пайдалану, ресурстарды тиімді үйлестіру, оларды есепке алу және балансына қабылдау тәртіптері нақтыланды. Жеке құрамның далалық машығы, кәсіби дайындығы мен моральдық-психологиялық тұрақтылығы жоғары деңгейде екенін көрсетті. Инженерлік бөлімшелер өзара үйлесімділік танытып, командирлер мен басқару құрылымдарының

іс-қимылды ұйымдастыру, жағдайды жедел бағамдау және шешім қабылдау қабілеті сыналды. Бұл жаттығулар шекара инфрақұрылымын дамытуда жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға жол ашты.

Жарылыс жұмыстары жоғары деңгейде қауіпсіздік шараларын сақтай отырып өтті. Жұмыс барысында техника қауіпсіздігі мен экологиялық талаптар толықтай орындалды. Бұл – ұйымдастырушылар мен қатысушылардың кәсіби шеберлігі мен жоғары жауапкершілігінің нақты көрсеткіші.

Мұндай көшенді жаттығулардың берері мол. Олар тек шекараны физикалық тұрғыда бекітіп, жолдар салып, жартастарды бұзумен шектелмейді. Ең бастысы – бұл шаралар ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етудің жүйелі, үйлестірілген және заманауи тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке құрамның жауынгерлік рухын көтеріп, олардың бойында Отанға адал қызмет етудің, жауапкершіліктің және жоғары тәртіптің айқын үлгісі қалыптасады. Бұл – болашақта кез келген жағдайға дайын, кәсіби әрі моральдық жағынан шыңдалған әскери құрылымдардың негізі болары сөзсіз.

Еліміздің шекарасы – тәуелсіздігіміздің тірегі. Ал осы шекараны күзетіп жүрген сарбаздар мен офицерлердің тынымсыз еңбегі – бүкіл халықтың қауіпсіздігінің көпірі. ҰҚК Шекара қызметі мен Қорғаныс министрлігінің бірлескен бастамалары мен нақты қадамдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын одан әрі нығайтуға, ел тыныштығын сақтауға бағытталған. Бұл – тек әскери ведомстволардың ғана емес, бүкіл мемлекет пен халықтың мүддесін көздейтін іс.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕР

Республика күні – тәуелсіз еліміздің ең қастерлі мерекелерінің бірі. Бұл күн – өткен тарихымызды еске алып, бүгінгі тыныштығымызды сақтап тұрған азаматтарға тағзым ететін сәт. Осындайда ерен ерлігімен көпке өнеге болған шекарашы офицерлеріміздің есімі ерекше аталуы заңды. Солардың бірі – ҰҚК Шекара қызметі Тыл департаментінің офицері подполковник Данабек Тұрсынбекұлы Бекбулатов.

2014 жылдың сәуір айында Атырау қаласында Шекара қызметінің 2016 әскери бөлімінде қызмет атқарып жүрген кезінде ол нағыз батырлыққа пара-пар іс жасады. Шымкент қаласынан көктемгі шақырылымдағы 52 жас сарбазды Атырауға жеткізу міндеті подполковник Бекбулатов пен екі сержантқа жүктелді. Олар сапарға шығып, «Шымкент-Атырау» бағытындағы жолаушылар пойызының соңғы вагонына орналасты.

Атырауға жетуге небәрі 200 шақырым қалғанда пойыздың алдыңғы вагондары рельстен шығып, 15 вагонның бірі соғылып, төртеуі рельстің үстінде ілініп қалды. Қараңғы түсе бастаған көшкі сағаттарда пойыз ішінде айқай-шудың, көмекке шақырған балалардың дауысын естігенде офицердің жүрегі дір етті. Ол сасқалақтамай, дереу әрекетке көшті. Екі сержант пен сарбаздарға жолаушыларды құтқаруға бұйрық беріп, өзі де алдыңғы вагондарға жүгірді. Есіктері іштен бекітіліп қалған вагондардағы адамдар өз бетімен шыға алмай жатқан еді. Сол кезде подполковник Бекбулатов тежегіштің темір қондырғысын пайдаланып, терезелерді ұрып сындырып, жолаушыларды сыртқа шығарды. Бірі қол-аяғы сынған, бірі есінен танып қалған жолаушыларға алғашқы көмек көрсетілді. Үлкені бар, кішісі бар – барлығының өмірі қымбат еді. Жүрегі қолына алып, ешкімді ажалға қиып қоймады. Шамамен бір жарым сағаттан соң оқиға орнына төтенше жағдайлар қызметі мен жергілікті билік

өкілдері жетіп, жаралыларды тікұшақпен тасымалдады. Бірақ осы уақытқа дейін талай адамның өмірін құтқарған – Данабек Тұрсынбекұлының батыл шешімі мен әрекеті еді. Оқиға аяқталған соң Бекбулатов пен серіктері жас сарбаздарды төрт шақырым жердегі стансаға жаяу апарып, түн ортасында Атырауға жеткізді. Қанша қиындық көрсе де басты міндет – сарбаздарды әскери бөлімге аман-есен табыстау – толық орындалды.

Бұл оқиға – бір офицердің ғана ерлігі емес. Бұл – елге, елдің болашағына деген адалдықтың айқын көрінісі. Республика күні қарсаңында осындай жанқиярлық танытатын азаматтарды еске алу – баршамызға парыз. Өйткені Тәуелсіз Қазақстанды сақтап тұрған – тек заңдар мен шекара ғана емес, осындай жүректі адамдардың жанкешті еңбегі.

Подполковник Данабек Бекбулатовтың ерлігі жас сарбаздарға үлгі, кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала бермек. Оның ісі – «Елге қызмет етемін» деген әрбір азаматтың жүрегінде Республика күнімен бірге жаңғыратын асыл құндылық.

Подполковник
Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР». Сурет
Тыл департаментінен.



РУХАНИЯТ

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ТІРЕГІ

2025 жылдың 16 қыркүйек күні Жамбыл өңірінде ерекше есте қаларлық күн болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Жамбыл ауданы бойынша Шекара басқармасында ұйымдастырылған «Тілдер күніне» арналған тағылымды әдеби-танымдық кеш жас сарбаздар мен қонақтардың жүрегіне қуаныш пен мақтаныш сезімін сыйлады.

Бұл мерекелік басқосу – тек ресми жиын емес, ұлт руханиятының асыл діңгегі саналатын тіл мерекесін ұлықтаған тағылымды кешке айналды. Шара барысында қазақ тілінің тарихы, мемлекеттік тіл мәртебесінің маңызы, ұлттық бірлік пен болашаққа бағдар жайлы өрісті ойлар айтылып, әрбір қатысушыға рухани қуат дарытты.

Әдеби-танымдық кешке арнайы шақырылған қонақтар қатарында елдік рухты дәріптеп жүрген зиялы қауым өкілдері болды. Шекара басқармасы бастығының орынбасары, тәрбиелік, идеологиялық және

кадрлық жұмыстар бөлімінің бастығы подполковник Данияр Рамазанұлы Сарымсаков тілдің елді біріктіретін күші мен оның ұрпақ тәрбиесіндегі айрықша орнына тоқталды. Ол жас



сарбаздарға қарата сөйлеген сөзінде: «Тіл – біздің тұтастығымыздың тірегі. Мемлекеттік тілге құрмет – Отанға деген құрметпен пара-пар. Біздің сарбаздар тек шекара күзетінде ғана емес, ел руханиятын сақтауда да алдыңғы қатарда болуы тиіс», – деп ерекше атап өтті.

Бөлімнің аға офицері майор Алтынбек Манарбекұлы да жас сарбаздарды тілдің қадірін білуге, сөз өнеріне жақын болуға шақырды. Оның айтуынша, тілге құрмет – сарбаздық рухты

күшейтіп, Отан алдындағы жауапкершілікті терең сезінуге жетелейді.

Кештің мәнін арттырған тағы бір сәт – қаламгерлердің қатысуы болды. Жамбыл облыстық

Кеш барысында қазақтың классик ақын-жазушыларының шығармаларынан үзінділер оқылып, тілдің көркемдігі мен құдіреті жан-жақты насихатталды. Сарбаздар жүректерін

мәртебесін арттыру – баршамыздың ортақ парызымыз деген ойға келді. «Тіл – ұлттың жаны, елдің тұтастығының айнасы» деген тұжырым тағы да жаңғырып, жас сарбаздар үшін өмірлік ұстанымға айналды.

Кітапхана меңгерушісі Камилла Абсеметова жастарды кітап оқуға шақырып, тіл байлығының қайнар көзі – әдебиет екендігін атап өтті. Оның айтуынша, тілдің тереңдігін тану үшін ұрпақ сөз өнерін қастерлеуі қажет.

Кеш соңында қонақтар мен сарбаздар мемлекеттік тілдің мерейін үстем ету – елдің болашағына қосылған үлес екенін айрықша атап өтті. Осындай тағылымды басқосулар ел бірлігін нығайтып, жас ұрпақты рухани кемелдікке жетелейді.

Жамбыл ауданы бойынша Шекара басқармасында өткен бұл кеш – тіл мерекесін ғана емес, ұлттық рухты дәріптеген, сарбаздардың санасына патриоттық сезім ұялатқан тағылымды шара болды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтату – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Ал тілге құрмет – елге деген адалдықтың айнасы.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген
автор.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ 60 ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте).

ауданы бойынша шекара басқармасының жауынгерлік тарихын көпшілікке таныстыру және жастарға әскери қызметтің мәртебесін дәріптеу болды. Алғашқы сөзді алған ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департамент бастығы полковник Марат Нарбаев конференцияның ресми ашылғанын жариялады. Бұдан кейін қатысушыларға Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жауынгерлік қызметіне арналған бейнебаян ұсынылды.

Жиын барысында Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы подполковник Мақсат Рысдәулетов, ҚР ҰҚК Шекара академиясы Ғылыми қызмет басқармасының профессоры, әскери ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, запастағы полковник

Досай Абраимов пен Шекара академиясының профессоры, философия ғылымдарының PhD докторы, қауымдастырылған профессор, запастағы полковник Нұрлан Керімбаев, сондай-ақ Шекара академиясы доценті полковник Фуат Мирғалимов ғылыми баяндама жасады. Үшарал шекара жасағының тарихын тереңінен талдады. Алакөл ауданы Қабанбай ауылы Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінің Алғашқы әскери дайындық және технология пән мұғалімі Даурен Молдашев жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің маңызы жөнінде баяндама оқыды.

Конференция соңында Қанабек Байсейітов атындағы Талдықорған саз колледжінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды. Данияр Раис, Хасен Ошан, Бекжан Қажуатұлы, Бексұлтан Бекайдаров, Дәулет Нұрланбектің орындаған рухты әндер шараның шырайын енгізді. Ғылыми-практикалық конференция соңында қонақтар мен студенттер естелік суретке түсті.

МАЗМҰНҒА БАЙ ЖАҢА КІТАП

Ғылыми-практикалық конференция барысында «Үшарал жауынгерлік жасағына алпыс жыл» атты тарихи кітаптың тұсауы кесілді.

Жаңа кітапты көпшілікке таныстыру құрметі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Марат Нарбаевқа берілді. Ол өз сөзінде аталған еңбектің тарихи маңызы зор екенін, үш тілде - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алғаш рет жарық көруінің айрықша ерекшелігі бар екенін атап өтті. Бұл еңбек тек қана шекарашылардың қызмет жолын емес, жалпы ел тарихындағы маңызды белестерді де қамтиды.

Кітаптың авторлары - Жетісу облысы бойынша департаменттің әскери қызметшілері, подполковник М.Қарекенов пен ефрейтор К.Елеубаева. Олар тарихи деректерді жүйелеп, ардагерлердің естеліктерін жинақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізер ерекше еңбек жасаған. Бұл кітаптың әр бөлімі - оқырманды өткен дәуірлерге жетелеп, Үшарал шекара жасағының жүріп өткен жолымен таныстырады.

«Үшарал жауынгерлік жасағына алпыс жыл» кітабы - тек шекарашылар үшін ғана емес, бүкіл қазақстандықтар үшін құнды еңбек. Ол Отан шебін күзеткен ардагерлердің ерлігін дәріптеп, қазіргі жас ұрпаққа үлгі болады. Сондай-ақ, бұл басылым кәсіби әскери мамандарға да, жалпы әскери тарихқа қызығатын оқырмандарға да пайдалы дереккөзіне айналмақ.

ҮШАРАЛ ТӨРІНДЕГІ МЕРЕЙТОЙ

Қала орталығындағы алаңда әскери сап түзіліп, ардагерлер мен қонақтар соғыс және қызмет жолында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті. Ескерткіштерге гүл шоқтары мен қою рәсімі елге деген адалдық пен патриоттық сезімнің айғағына айналды.

Салтанатты жиын мәдениет үйінде жалғасын тапты. Көрермендер назарына шекара жасағының 60 жылдық тарихынан сыр шертетін бейнефильм ұсынылып, оның әр сәтінен ерлік пен адалдықтың ізі байқалды. Салтанатты жиын барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары Дәулет Дүйсембеков, ардагер шекарашы генерал-майор Құсайын Беркалиев, «Застава тарландары» шекарашы ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы

генерал-майор Мұхтар Сабидолданов, Жетісу облысының әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов және өзге де құрметті меймандар шекарашыларды құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Олар шекара шебін күзету - мемлекеттің іргесін қорғау екенін айта келе, жас буынды адалдыққа, жауапкершілікке, Отанға қызмет етуге шақырды. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы



полковник Марат Нарбаев пен Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы подполковник Мақсат Рысдәулетов алыс-жақын жерден келген қонақтарға рақмет айтып, әскери ұжымды мерейтоймен шын жүректен құттықтады.

Марапаттау сәтінде үздік офицерлер мен сарбаздарға Алғыс хаттар мен медальдар табысталып, олардың адал қызметі мен ерлікке толы еңбегі лайықты бағаланды.

Мерекелік концертте патриоттық рух ерекше сезілді. Сахна төрінде шекара сақшылары мен өнерпаздар «Тұмар» қазақ биі мен «Ардагерлер», «Ел сенімін мәңгі сақта» және «Шекара ұраны» әндерін шырқады. Нұрлыбек Жүлкеновтің орындауындағы «Рух» әні көрерменнің көңілін көтеріп, елдік рухты асқақтатты. Концерт соңында барша зал «Қазақстан» әнін қосыла айтып, үлкен мерекенің рухани нүктесін қойды.

Мерекенің келесі бөлігі шекарашылардың қызмет орнында жалғасты. Қонақтар мен ардагерлер шекара басқармасындағы Жауынгерлік даңқ мұражайында болып, ұжымның өткен тарихымен танысты. Мұражай экспозициясында Алакөл шекара жасағының қалыптасу кезеңдері, командирлердің өмір жолдары, Жалаңашкөл мен Сарыбектер шекара аймақтарындағы тарихи оқиғалар баяндалды. Әрбір жөдігер мен фотосурет - өткен жылдардың куәсі, ерлік дәуірінің белгісіндей әсер қалдырды.

Мерекелік шараның ең әсерлі сәттерінің бірі - уақыт капсуласын салу рәсімі еді. Бұл - қазіргі буынның болашақ шекарашыларға қалдырған аманаты. Капсулаға жазылған хатта елдің бейбіт өмірі мен Отанның тұтастығын сақтау жолында адал қызмет етуге шақырған жылы сөздер мен рухты өсиеттер жазылды. Бұл рәсім - шекарашылардың ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін ерекше тарихи белгіге айналды.

Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының 60 жылдық мерейтойы тарихқа тағзым, ерлікке құрмет, ұрпаққа үлгі болған ұлы мереке. Бұл күн шекара шебіндегі батыр бабалар рухына тағзым етіп, бүгінгі шекарашылардың мәртебесін асқақтатты. Шекара - мемлекеттің мызғымас тірегі, ал шекарашы - сол тілектің қорғаушысы.



ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-CP». Суреттерді түсірген сержант Қ. ТОҚЫРОВ.

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ЖАНДАР

Осынау ғазиз жандармен кездесуіміз аяқ астынан өрбіген. Араға жылдар салып. Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында өтіп жатқан маңызды жиындар туралы қалам тербеу үшін журналистік іссапармен Әлмерек батырдың ізі сайрап жатқан өңірге келгенімізде. «Бұлт жебеленсе, жаңбыр шақырады» демекші, жақсы адамдар сенің көңіліңнің бір түкпірінде томаға-тұйық «жата» береді екен. Уақытын күтіп...

... Сонымен Райымбек батырдың есімін еншілегеніне бесінші жылдың ғана жүзі болған шекара басқармасы. Нағыз қас-қағым, қарбаластың өзі. Басқарманың далалық полигонында запастағы әскери қызметшілердің бір айлық жиыны өтіп жатса, Шарын шатқалының бір қалтарысына «жасырынған» командалық пунктте оқу-жаттығу басталған. Ал шекара басқармасының өзінде Шекара қызметінің түкпір-түкпірінен жиналған кинологтардың «сайысып» жатқаны анау... Қысқасы, қос әскери журналист пен екі мобилографқа мұнда жұмыс жетеді.

Міне, осындай қарбалас күндердің бірінде, Алматы қаласынан келген департамент бастығы полковник Ә.Каюпов орталық алаңның бойымен кетіп бара жатқан бізді көріп, өзіне шақырды. Сосын шығармашылық тобының жұмыс барысын сұраған Әлібек Амангелдіұлы бір «тапсырманың» шетін қылтатқан. Департамент басшысының өте бастамашыл сардар екенін білетін біз елең ете қалдық...

Осылайша, бірнеше сағаттан кейін біз шекарашы офицердің Шонжы ауылында тұратын ата-анасының үйінен табылды. Міне, осы жерде мен осыдан талай жылдар бұрын шекара басқармасының кітапханасында меңгеруші болып жұмыс істеген аяулы жанды кездестірдім... Бұл – Асиям Гуламовна болатын. Шекара басқармасына (ол кезде Шонжы шекара отряды деп аталатын-авт.) келген сайын мәдениет



үйінің екінші қабатындағы кітапханасына бас сұқпай кетпейтін бізді құшақ жая қарсы алатын Асиям апай. Үнемі күліп жүретін, қолың қалт еткен кезде кітап оқығың келіп «қалатын» сенің іздеген шығарманды тауып бергенше жаны тынбайтын кітапхана меңгерушісі. Арасында шекара отрядының тарихы мен саналы ғұмырларын шекараға арнаған саңлақ сардарлар туралы құнды

мәліметтер мен қызық естеліктер айтуды ұмытпайтын шежіреші апай...

...Енді міне, сондағы кітапханашы апайымызбен арқа-жарқа құшақтасып, отағасымен таныстық. Туглукжан Абдул-Хакимович. Ұзақ жылдар Ішкі істер саласының ардагері, полиция полковнигі. Есесіне, Туглукжан ағаны әсіресе аға буын шекарашылар өте жақсы біледі, құрметтейді. Бұл енді Туглукжан аға мен Асиям апайдың ақкөңіл, тазалығы, адамгершілігі, сыпайылығы және адалдық қасиеттері үшін. Ал осындай тамаша адамдардың шаңырағынан шыққан шекарашы офицер бүгінде еліміздің батыстағы ел шебінде қызмет атқарады. Әскери шені «подполковник». ҰҚК Шекара академиясының 2010 жылғы түлегі. Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Әйтеке би» шекара бөлімінің бастығы.

Осыны естіген кезде еріксіз «Мәссаған...» дедік. Өйткені, «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, біздің шекарашы әке жолын таңдауы тиіс еді... Керісінше, Ялкунжанды анасы 2001 жылдан жұмыс істейтін шекара отряды өзіне магнитше тартқан секілді... Неге? Сөйтсек, мұның сыры тереңде жатыр екен. Бұл туралы Асиям апай:

– Кітапханада 20 жылға жуық табан аудармай жұмыс істеп, зейнетке осы жерден шықтым. Қазір қандай екенін білмеймін, ол кезде біз шекараға жиі шығып тұратынбыз. Бізге түскен жаңа шығармаларды міндетті түрде сарбаздарға таныстырамыз. Сондықтан, мақтанды деменіз, заставалардан

да кітап жаздырып оқитын оқырмандарымыз аз болған жоқ.

Берінен бұрын, осы сапарлардың бірде-біреуі ұлым Ялкунжаныз өткен жоқ. Оған ұнайды. Отрядтан қандай көлік шығады, ұлымды сол жерден көресіз. Ұлының шекараға деген көңілінің алабөтен екенін білетін әкесі қарсы болмақ түгілі, керісінше қолдады. Өйткені, өзі де шекарашылармен жақсы араласты. Достары көп болды. Әлі күнге дейін «сіз-бізіміз» үзілген емес, - дейді.

Тіпті бір жолы мынадай қызық болған. Отрядқа келген генерал Болат Баекенов мәдениет үйін аралап жүріп, бізге кірді. Әдеттегідей ұлым қасымда, кітап қарап отырған. Үлкен кісіні көріп, амандасу үшін орнына атып тұрған ұлыма риза болған генерал: «Ұлым, өскенде шекарашы боласың ба?» деп сұрақ қойды. Балапаным мүдірген жоқ, ойланбастан «Боламың аға!» деді. Болат аға мен қасындағы кісілер күліп жатыр.

Ұлымыз мектеп бітірген жылы уәдесінде тұрып, шекарашылардың оқуына түсіп кетті. Қазір Ақтөбеде. Үйленіп, немере сүйгізді. Ата-анаға осыдан артық қандай бақыт керек?

Иә, шынында да бұдан артық қандай артық қандай бақыт болуы мүмкін. 1 қазан – еліміздің қазыналы Қарттарын ұлықтайтын күні шекарашы офицердің ата-анасы – Сайдуплаевтар туралы мақала жазып отырып, осындай ой түйдік. Тек, мақала – басы. Біз отағасы Туглукжан аға мен отанасы Асиям апай жайында «Шекарашы» журналының алдағы нөмірінде кең көсілетін боламыз. Осындай құрметке лайық жандар болғаны үшін!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ҚАЗЫНАЛЫ АРДАГЕРЛЕР

Әлемде баршаға ортақ бір ақиқат бар – ол уақыттың тоқтамайтындығы. Әрбір көктемдей жас ұрпақтың артынша алтын күз секілді қазыналы қариялар келеді. Сол себептен де адамзат қоғамы үлкенге тағзым ету, қарияға құрмет көрсету дәстүрін ғасырлар бойы қасиетті парызға балап келеді.

1991 жылдан бері 1 қазан – Халықаралық қарттар күні ретінде аталып өтеді. Бұл мереке БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен бекітіліп, дүниежүзілік деңгейде қарттарға құрмет көрсету күніне айналды. Қазақ елінде де бұл күннің мәні айрықша. Бүгінде Қазақстанда 2 миллионнан астам қария бар, олардың әрқайсысы – ел тарихының бір-бір шежіресі. «Қартын қадірлеген ел – қазынасын қадірлеген ел» деген халық даналығы дәл осы күннің астарлы мағынасын айшықтап тұрғандай.

Қарттар күнінде ардагерлердің еңбегін еске алу, оларға құрмет көрсету – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте 15 жылдық тарихы бар «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі айрықша орынға ие. Бұл ұйым – бар саналы ғұмырын шекара күзетіне арнаған ер азаматтардың бейбіт өмірдегі жарқын жалғасы.

«Застава тарландарының» тарихы Кеңес дәуіріндегі Қызыл Тулы Шығыс шекара округінің ардагерлер ұйымынан бастау алады. Ол генерал-майор Хусаин Берқалиевтің бастамасымен құрылған болатын. Кейіннен генерал-майор Тұрсын Уажанов жалғастырса, 2024 жылдан бері ұйымға генерал-майор Мұхтар Сабидолданов жетекшілік етіп келеді.

Шекара – елдің тек географиялық шеті ғана емес, тәуелсіздіктің алтын діңгегі. Ал осы шекараны қу-

зеткен ардагерлер – ел тыныштығы мен мемлекет тұтастығы жолында аянбай еңбек еткен қаһармандар. «Застава тарландары» ұйымы сол ерлердің басын біріктіріп, ұлт жадында мәңгілік сақталатын тарихи-рухани күшке айналды.

Биыл Қарттар күні қарсаңында ұйымның басқармасы маңызды шешім қабылдады. Қоғамдық өмірге белсене араласқан жас буынды тәрбиелеуге үлес қосқан, Шекара қызметінің беделін арттырған ардагерлерді 70 жасқа толған және одан асқан мүшелерін қаржылай сыйақымен марапаттау көзделді. Бұл игі шара арқылы 130-дан астам ардагер қамтылып, жалпы сомасы 1,3 миллион теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл – тек материалдық қолдау емес, ең бастысы – елдің алғысы мен құрметінің белгісі.

Бүгінде «Застава тарландары» бірлестігінде 1200-ге жуық ардагер бар. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының куәгерлері, Ленинград блокадасының қаһармандары, шетелде бейбітшілік үшін қызмет еткен интернационалист жауынгерлер, Жалаңашкөл мен Даманск аралындағы шайқастарға қатысқан батырлар бар. Сондай-ақ Чернобыль апатын жоюға қатысқан ерлердің де өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі.

«Застава тарландары» – тек ардагерлер ұйымы емес, ол – жас буын үшін нағыз тәрбие мектебі. Қазыналы ардагерлеріміз еліміздің әр өңірінде «Жас шекарашы» сы-



ныптарын ашып, болашақ Отан қорғаушылар қатарын көбейтуде белсенді жұмыс жасап келеді. Жастармен кездесулерде тек әскери тәжірибесін ғана емес, өмірлік тағылымын да үйретеді. Олар үшін шекарашылардың ерлігі – патриотизмнің айқын үлгісі.

Ардагерлердің дәрістерінде ерлікке толы әңгімелер ғана емес, адалдық пен ар-намыстың салмағы да бар. Олар жастарға тек елін қорғауды ғана емес, елге адал қызмет етудің биік мәнін түсіндіреді.

Ұйымның бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жұмыс істеп тұрған 15 құрылымдық бөлімшесі бар. Бұл – ардагерлерді әр өңірде қамтып, олардың әлеуметтік мәселелерін уақтылы шешуге мүмкіндік береді.

2025 жылы ұйымның 15 жыл-

дығына орай елордада өткен салтанатты шарада біршама тарихи сәттер орын алды. Астананың жүрегінде орналасқан «Шекарашылар» ескерткішінде батырларға тағзым етіліп, гүл шоқтары қойылды.

Мерекенің ең әсерлі сәті – «Застава тарландары – 15 жылдық даңқты жол» атты кітаптың тұсаукесері болды. Бұл шығарма – ардагерлердің естеліктерін, шекара қызметінің тарихын келер ұрпаққа жеткізетін асыл қазына.

Сонымен бірге әскери-тарихи музейде отставкадағы полковник С. Секриер жинаған сирек деректер көрмесі ұйымдастырылды. Ол көрме өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын көпір іспетті әсер қалдырды.

«Застава тарландары» – елдің рухын көтеретін, ұлттың ар-намысын сақтайтын ұйым. Ол тек шекараны күзеткен жоқ, ұлт бірегейлігін де қорғап қалды. Бүгінде ардагерлер – жас буынға ерлік пен адалдықты үйретіп, болашаққа жол сілтеп келеді.

Қымбатты ардагерлер! Сіздердің өмірлік өнегелеріңіз – халқымыздың асыл қазынасы. 15 жылдық мерейтойларыңыз құтты болсын! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, сарқылмас жігер мен отбасылық бақыт тілейміз.

**Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Сурет редакция
мұрағатынан.**

ҚҰПИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУШЫ...



2013 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, әскери қызметтің алғашқы сатысынан бастап абыройлы еңбек етті.

Аталов Худайбергеннің еңбек жолы 2009 жылы Шекара академиясынан бастау алып, 2013 жылы ҚР ҰҚК 2535 әскери бөліміндегі «Үшбұлақ» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары болып қызмет етуден басталды. Кейін ол «Арасан» шекара бөлімінде, В.Кондури атындағы бөлімшеде, «Майқашқақай» мен «Ақжар», «Шетласты» шекара бөлімшелерінде, Зайсан аудандық шекара басқармасында түрлі жауапты лауазымдарды атқарды.

2023 жылдан бастап Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының жетекші офицері болып еңбек етуде. Қызмет барысында ол бірнеше рет үздік деп танылып, марапаттар мен алғыс хаттарға ие болды.

Офицердің кәсіби жетістіктері – оның шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қажырлы

Қазақстан Республикасының ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменттің қатарында қызмет етіп келе жатқан майор Аталов Худайберген Бахтиярович – ел тыныштығын қорғауға өмірін арнаған нағыз офицер. Ол 1991 жылы ОҚО Сарыағаш ауданы Жібек Жолы ауылдық округі Қожахан ауылында дүниеге келген.

еңбегінің айқын дәлелі: 2014 жылы «Арасан» бөлімінде үздік орынбасар атанды, 2017 жылы В.Кондорин атындағы бөлімшенің нәтижелері бойынша 1-орынды иеленді. 2022 жылы Зайсан аудандық шекара басқармасында мемлекеттік құпияларды қорғау саласында үздік маман деп танылды. 2024 жылы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Департамент басшысының атынан алғыс жарияланды, жыл қорытындысы бойынша Түркістан облысы әкімінің алғыс хатын алды. 2025 жылы Сарыағаш шекара бөлімшесі аумағында шекара бұзушыларды іздестіру кезінде белсенділік танытқаны үшін Департамент басшысының атынан алғыс алды. Офицердің өмірлік серігі – Айсұлу Адиль-

ханқызы. Ерлі-зайыптылар екі ұл тәрбиелеуде. Балалары да Сарыағаш ауданында дүниеге келіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсіп жатыр.

Худайберген Аталов – шекара қызметінің абыройын арттырып жүрген жас әрі тәжірибелі офицер. Оның қызметтік жолы – жастарға үлгі, ал еңбегі – ел тыныштығын қорғаудың айқын көрінісі. Ел қорғаудағы табандылығы мен адалдығы үшін Худайберген Аталовтың есімі бүгінгі таңда әріптестерінің құрметіне бөленіп, шекара қызметінің сенімді тірегіне айналды.

Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

ПРИЗВАНИЕ – БЫТЬ ПОГРАНИЧНИКОМ

Служба на границе – это не просто профессия. Это выбор сердца. Это путь тех, кто первым встает на защиту Родины.



10 октября 2000 года – знаковая дата в летописи современной пограничной службы Казахстана. Именно в этот день был подписан приказ о создании войсковой части 2032 в системе Пограничной службы. Тогда началась новая эпоха в охране северных рубежей страны. Эта дата ознаменовала собой рождение новых застав, новых традиций, нового поколения защитников.

Среди тех, кто стоял у самых истоков, был и старший сержант Нуржанов Ербол Эсмаханович – старшина пограничного отделения «Есиль». Его имя не в заголовках газет, а в устоявшейся дисциплине, в крепости духа молодого состава, в каждом построенном здании родной заставы. Он один из тех, кто строил границу своими руками.

Родился Ербол Эсмаханович 31 июля 1980 года в селе Долматово Кызылжарского района Северо-Казахстанской области. Здесь же окончил школу, и уже тогда знал: его жизнь будет связана с Родиной – не по обязанности, а по призванию.

В 1999 году он был призван в ряды Вооруженных сил РК, служил в городе Аягоз, в танковых войсках воинской части 01221. Именно армия дала тот стержень, который определяет каждого настоящего защитника: дисциплина, выдержка, честь.

После демобилизации в 2001 году он вернулся домой. И по волею судьбы, именно в это время, 25 октября 2001 года, в его родном селе открывалась новая пограничная застава. Ербол Эсмаханович не колебался ни секунды

– начал оформлять документы и 19 июля 2002 года уже встал в строй в качестве старшего радиотелефониста – третьим по списку на новой заставе «Есиль».

Вместе с первым начальником заставы лейтенантом Дмитрием Чищенко и старшиной Андреем Цапкиным, рядовой Е. Нуржанов начал все с самого начала. Разбирали старые строения, переоборудовали жилой дом под нужды подразделения, своими руками возводили склады, гаражи, обустроивали территорию.

С декабря 2002 года личный состав заставы начал пополняться – каждый месяц прибывал новый военнотрудовой. Застава росла, крепла, обретала боевую силу. А вместе с ней рос и Ербол Эсмаханович – как профессионал, как человек, как опора коллектива.

В 2016 году после выхода на заслуженный отдых прапорщика А. Цапкина, должность старшины занял наш герой. И это было закономерным: он знал здесь каждый угол, каждую тропу, каждого человека. Его уважали и офицеры, и молодые бойцы. Не за звание, а за дело, за сердце, за верность.

У настоящего воина крепкий тыл. Супруга Ербола – Анар Курбановна является педагогом: преподает казахский и английский языки в Долматовской средней школе, завуч по учебной части. Вместе они вырастили троих дочерей, и каждая – продолжение лучших качеств родителей.

Старшая дочь Аклима – студентка Евразийского национального университета имени Л. Гумилева, будущий химик. Асима – также студентка ЕНУ, осваивает атомную энергетику. Младшей Аминне всего 5 лет, но уже сегодня в ее глазах светится та решимость, с которой ее отец каждый день выходит на службу.

Сегодня, накануне 25-летия Департамента ПС по Северо-Казахстанской области, мы вспоминаем не просто даты и приказы. Мы вспоминаем людей. Таких, как старший сержант Е. Нуржанов – живой пример и легенда заставы «Есиль», человека, чьими руками строилась наша граница.

Он не просит признания. Он просто служит. День за днем, год за годом с одной целью – чтобы на рубежах Казахстана всегда был порядок. Чтобы мы спали спокойно. Чтобы флаг Родины развевался высоко и гордо.

Настоящая граница начинается не с пограничного столба. Она начинается с таких людей, как старший сержант Ербол Нуржанов.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР». Фото из личного архива Е. НУРЖАНОВА.

ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ

Әр саланың өз қаһарманы болады. Бірі шекара шебінде қару асынып ел тыныштығын күзетсе, енді бірі есептеуіш құралды өмірлік серігі етіп, материалдық құндылықтарды қатаң есепке алумен айналысады. Әрқайсысының атқаратын міндеті әртүрлі болғанымен, барлығының мақсаты бір – Отанға қызмет ету.

Павлодар облысы бойынша департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімшесінің бухгалтері - ефрейтор Жакупов Нұржан Бибулатович сондай мамандардың бірі.

Нұржан жас та болса 2024 жылдың қорытындысы бойынша Павлодар облысы бойынша департаментінің «Үздік қаржы маманы» атағына ие болып үлгерген әскери қызметші. Оны газет бетіне шығаруымыздың басты себебінің бірі де осы.

1997 жылы 4 сәуірде Ертіс ауданының Луговое ауылында дүниеге келген Нұржанның балалық шағы ауылдағы апасының үйінде өтеді. Әке-шешесі әскери қызметте болғандықтан, ол алты айлығынан бастап апасының қолында өседі. Сол әжесінің тәрбиесі Нұржанға өмірдегі ең қымбат қасиеттердің бірі үнемшілдік пен есепке жүйріктікті үйретеді.

Мектептегі 9 сыныпты тәмамдаған соң ол алдымен Инновациялық Еуразия университетінің колледжінде қаржы мамандығын меңгереді. Кейін арнайы орта білім алу мақсатында оқуға түсіп, техникалық білімін де жетілдіреді. Бұл қос мамандық оның ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, іскерлігін де арттырады. Жастайынан ақша жинақтаудың жолын білген Нұржан еңбекқорлығының арқасында өз күшімен пәтер сатып алғанының өзін үлкен ерлік деп санауға тұрарлықтай.

2018 жылы әскер қатарына шақырылып, Үшарал қаласындағы шекара қызметінің 2484 әскери бөлімінде кинолог болып қызмет атқарады. Әскерден оралғаннан кейін зауытта еңбек етеді. Бірақ жанына жақпаған жұмысты ұзаққа созбай, 2021 жылы жүрек қалауымен Павлодар облысы бойынша департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімшесіне қызметке орналасады.

Алғашқы қадамдарын аға буын әріптестері – тәжірибелі әскери қызметші Кусаинов Марат пен Ома-



рова Қарлығаш Рыстаевнаның тәлімін алып, қаржы саласының қыр-сырымен танысып бастайды.

Тәлімгері Мараттың айтуынша: - Нұржан – жауапкершілігі мол, ұқыпты әрі ұстанымына берік, өз ісіне аса мұқияттылықпен қарайтын адам, – дейді.

Нұржанның өзі де: «Қызметіме үйрену қиын болған жоқ, қайта қызықты болды. Қаржы саласы күрделі болғанымен, маған ұнайды», – деп бөлісті.

Шынында да, қаржы саласы – ұшқыр ой мен зеректілікті, ұқыптылықты талап ететін аса жауапты жұмыс.

Қызмет барысында ол департаменттің тауарлық-материалдық құндылықтарының есебін жүргізеді. Құндылықтарды қабылдау, тіркеу, беру, орнын ауыстыру, барлық құжаттарды рәсімдеу - оның басты міндеттері. Әрбір кіріс-шығыс құжаттары одан тиянақтылық пен мұқияттылықты талап ететіні сөзсіз.

Бүгінде Жакупов Нұржан өз ісіне адал ұжымына сенімді тірек бола білген жас қаржыгер. Оның еңбекқорлығы мен табандылығы болашақта да биік жетістіктерге жетелейтіні сөзсіз.



Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ЖАС ОФИЦЕРДІҢ АДАЛ ҚЫЗМЕТІ

Қазақстанның шығыс қақпасында, Зайсан өңірінің қастерлі жерінде ел тыныштығын күзетіп жүрген жас офицерлердің бірі – аға лейтенант Арман Бейбарыс. Ол бүгінде ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасына қарасты «Шілікті» шекара бөлімінің «Какенталды» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымында қызмет атқаруда.

Арман Бейбарыс 1998 жылдың 21 сәуірінде Алматы облысы Талғар ауданы Нұра ауылында дүниеге келді. Жастайынан әскери тәртіпке, отан-сүйгіштікке бейім болған ол мектеп бітірген соң, 2016-2018 жылдары Ақмола облысы, Бурабай ауданындағы Щучинск қаласында орналасқан Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусын табысты тәмамдайды. Әскери әулеттің ізін жалғағандай, ел қорғауды өзінің өмірлік мұратына айналдырды.

Кадет корпусын аяқтаған соң, 2018-2019 жылдар аралығында Алматы облысы, қазіргі Қонаев қаласында орналасқан 32363 Десанттық-шабуылдаушы әскери бөлімшесінде келісімшарт бойынша қызмет атқарып, бөлімше командирі болды. Әрбір тапсырманы жауапкершілікпен орындап, әскери ортада тәжірибе жинақтады.

2019 жылы Арман ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсіп, 2023 жылы оны тәмамдап шықты. Әскер қатарына адал қызмет етіп жүріп, 2022 жылы шаңырақ көтеріп, отбасылы болды. Жұбайы – Жексенбинова Құралай, мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі. Қазіргі таңда ол шекара бөлімшесінде жұмыссыз отырғанымен, отбасына тірек болып, жолдасының әскери қызметіне

қолдау білдіріп келеді. Екеуінің Дамеля есімді 1 жас 8 айлық сүйкімді қыздары бар.

Қазіргі таңда аға лейтенант Арман Бейбарыс Зайсан ауданындағы Шілікті елді мекеніне қарасты «Какенталды» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары ретінде ел шебін күзетуде. Бұл өңірдің табиғаты да ерекше. Шіліктінің ауасы, қарлы шыңдары мен көк майсалы даласы шекарашы сарбаздардың рухын көтеріп, бойына күш-қуат береді. Ежелгі Сақ дәуірінің алтын қорғандары жатқан қасиетті мекенде бүгінгі ұрпақ – шекарашылар ел амандығының күзетінде тұр.

Арман Бейбарыс сияқты жас офицерлер – тәуелсіз Қазақстанның тірегі, шекара шебінің қорғаны. Олар үшін әскери қызмет – жай ғана мамандық емес, ол – ел алдындағы адалдық пен борыш.



Подполковник
Ф. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.



АҚПАРАТТЫҢ ҚЫРАҒЫ САҚШЫСЫ

Сержант Бакин Абжан Маратович – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасында Жауынгерлік ақпараттық посттың аға операторы лауазымында абыроймен қызмет етіп жүрген әскери қызметші. Ол 1994 жылдың 3 қаңтарында Семей қаласында дүниеге келген.

2000 жылы Семей қаласындағы №21 орта мектепке қабылданып, 2009 жылы №35 орта мектепті тәмамдады. Одан кейін 2009–2013 жылдары Семей қаласындағы Гуманитарлық-экономикалық колледжінде «Техник-бағдарламашы» мамандығын меңгерді.

Абжан Маратовичтің әскери жолы 2013 жылдың желтоқсан айында басталды. Ол 2014 жылға дейін Астана қаласында орналасқан Ұлттық ұланның 3660 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп, қамтамасыз ету ротасында қызмет атқарды. 2015 жылдың наурыз айында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2039 әскери бөліміне келісімшарт бойынша қабылданып, алғашқы кәсіби тәжірибесін жинақтады.

Кейінгі жылдары ол бірқатар жауапты лауазымдарды атқарды. 2015 жылдың шілдесінен 2020 жылдың мамырына дейін Семей шекара басқармасының «Байтанат» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімшесінде «Бүркіт» техникасының маманы болды. Ал 2020 жылдың мамырынан қыркүйек айына дейін «Ауыл» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімінде аға техник қызметін атқарды. 2020 жылдың қыркүйегінен 2021 жылдың ақпанына дейін



Семей шекара басқармасында еңбек етті.

2021 жылдың ақпан айынан бері сержант Бакин Абжан Маратович Семей шекара басқармасында Жауынгерлік ақпараттық посттың аға операторы ретінде қызметін жалғастырып келеді. Оның негізгі міндеті – шекаралық ахуалды жедел бақылау, ақпаратты өңдеу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы маңызды шараларды атқару.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының Жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру бөлімінің бастығы подполковник Айбек Сидазымұлы Жүлдубаевтың басшылығымен сержант Бакин Абжан Маратович өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен орындап келеді. Подполковник Жүлдубаевтың талапшылдығы мен кәсіби бағыт-бағдары жеке құрам үшін үлкен мектеп іспетті. Оның жетекшілігімен сарбаздар тек техникалық машықты ғана емес, сонымен қатар шекарашыға тән қырағылық пен жауапкершілікті бойына сіңіреді.

Әскери қызмет барысында ол көптеген марапаттарға ие болды. Атап айтқанда: 2098 әскери бөлімінің командирінен мақтау қағазы, «Алтай» шекара басқармасының бастығынан грамотамен, сондай-ақ ШҚ директорынан және Абай облысы бойынша департаменті бастығынан грамоталар мен алғыс алған. Бұдан бөлек, «Застава тарландары» РҚАБ-нің медалімен және ҚР ҰҚК Төрағасының атынан «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапатталған.

Сержант Абжан Маратович – өз ісіне адал, кәсіби біліктілігі жоғары шекарашы. Оның әскери жолы – патриотизмнің, табандылықтың және адалдықтың айқын үлгісі. Ол үшін шекара күзету – тек міндет қана емес, ел тыныштығы жолындағы мәртебелі борыш.

Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет басқармадан.

АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ ЖАН

Есенғалиев Жамбыл Ғайсинич 1975 жылдың 19 тамызында Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылында дүниеге келді. Жастайынан еңбекқор, алғыр, спортқа бейім болып өскен ол 1981 жылы туған ауылындағы Ықсанов атындағы жалпы орта білім беретін мектепке барып, 1992 жылы білім ошағын ойдағыдай аяқтады.

Мектеп қабырғасында жүріп, баскетбол үйірмесіне белсене қатысып, ауылдық және облыстық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Спортқа деген құштарлығы арқасында «баскетболдан III дәрежелі спорт шеберлігіне үміткер» атағына қол жеткізді.

Жамбыл Ғайсиничтің өмірлік серігі – Зақарина Раушан Мажитовна. Отаудағы өнегелі өмір жолын жалғастырып отырған қос қызы – Малика мен Шұғыла, сондай-ақ сүйікті ұлы – Шапағат бар. Отбасындағы татулық пен бірлік – оның ең үлкен мақтанышы.

Қызметтен тыс уақытта ол қолөнерге, сурет салуға, техникаларды жөндеуге ерекше қызығушылық танытады. Ағаштан әртүрлі бұйым жасап, үй құралдарын құрас-тыруды әдетке айналдырған. Бұл оның жан-жақтылығы мен ізденімпаздығын айқын-дайды.



1995–1997 жылдары Жамбыл Ғайсинич Алматы қаласында жалпы әскери құрамда танктік бөлімде жүргізуші болып мерзімді әскери борышын өтеді. Әскери шені – ефрейтор. Әскерден кейін де ол өз кәсібін табанды жалғастырып, өмірін шекара қызметімен байланыстырды.

2012 жылдың 15 қаңтарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі 2029 әскери бөліміне қарасты Хаби Халиуллин атындағы шекара бөлімшесіне жүргізуші болып жұмысқа қабылданды. Қызметтегі адалдығы мен еңбекқорлығы ескеріліп, 2022 жылы осы бөлімшенің тракторшысы лауазымына қызметші болып тағайындалды. Қазір ол бөлімшенің тракторларын басқарып қана қоймай, басқа да автокөліктеріне техникалық көмек көрсетіп, әріптестеріне қолдау білдіріп жүр.

Жұмыс барысында Есенғалиев Жамбыл Ғайсинич 150-ден астам автокөлікті жөндеп, қайтадан сапқа қосты. Бұл – оның біліктілігі мен техниканы терең меңгергенінің айқын дәлелі.

Әрбір жөнделген көлік – бөлімшенің толыққанды қызметіне қосылған жаңа күш.

Сонымен қатар ол ел шебін қорғауға бағытталған маңызды шараларға да белсене атсалысты. 2021 жылдың қазан айында ҚР ҰҚК қызметкерлерімен бірлесіп, мемлекеттік шекараны заңсыз бұзған 6 өзбек азаматын ұстауға айрықша үлес қосты. Бұл оның қызметтегі қырағылығы мен кәсіби біліктілігін тағы бір дәлелдейді.

25 жылдан астам тарихы бар әскери бөлімнің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан Есенғалиев Жамбыл Ғайсинич қарапайымдылығымен, адалдығымен және еңбексүйгіштігімен әріптестеріне де, жас буынға да үлгі бола білген жан.

Отанға адал қызмет ету – Жамбыл Ғайсиничтің өмірлік ұстанымы. Ол үшін әскери борыш – тек жұмыс емес, ұрпағына қалдырар асыл өнеге.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет бөлімше мұрағатынан.

ОТБАСЫ – ШЕКАРАШЫНЫҢ ТІРЕГІ

Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Тәрбие идеологиялық және кадрлық жұрыстары басқармасының ұйымдастыруымен ізгі дәстүрге айналған игі шара өтті.



Департаменттің барлық офицерлері өздеріне бекітілген келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің шаңырақтарына арнайы барып, олардың отбасы мүшелерімен жүздесіп қайтты.

Әскери өмір жауапкершілігі мол, қырағылық пен табандылықты талап ететін қызмет. Дегенмен шекара шебінде қырағы күзетте тұрған әрбір әскери қызметшінің артында оны қолдап, демеп отырған отбасы бары анық. Үйдегі жан-жарының қолдауы, ата-ананың ақ батасы – әрбір Отан қорғаушы үшін сарқылмас күш пен сенімнің бастауы. Сондықтан да мұндай кездесулердің мәні ерекше, ол бір жағынан шекарашының отбасына деген қамқорлығы.

Офицерлер әр отбасының тұрмыс-тіршілігімен танысып, емен-жарқын әңгіме өрбітті. Балаларының болашағы, отбасылық қуаныштар мен қиыншылықтар, әскери қызметтің әсері жайлы пікір алмасты. Бұл арқылы біз әскерилердің жанұялары қоғам назарынан

тыс қалмай-тынын, олардың мемлекет тарапынан да, әскери ұжым тарапынан да қолдау көріп отыратынын жеткізгіміз келді.

Әрбір шекарашының отбасына Павлодар облысы бойынша департамент бастығы полковник Жумадилов Мадияр Бекдаировичтің атынан арнайы дайындалған Алғыс хат табыс етілді. Бұл хатта Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп жүрген шекарашыға сенім артқан, оның әр қадамын қолдаған жанұя мүшелеріне, ата-анасына, жарына, бала-шағасына деген жүрекжарды ризашылық сөздері жазылған.

«Шекара қызметінің сенімді қалқаны – біздің әскери қызметшілеріміз болса, олардың берік тірегі – отбасы. Қуанышта да, қиын сәтте де қолдау көрсететін шаңырақ – әскери қызметшінің нағыз рухани бекінісі», – делінген құттықтау хаттарында.

Осылайша, 25 жылдық мерейтой қарсаңында өткен бұл игі шара шекарашылардың отбасы мүшелерін қуанышқа бөледі. Бұл ұжым ішіндегі бірлікті бекіткен, әскери қызметшілердің беделі мен абыройын асқақтатқан маңызды дәстүр алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР».
Сурет департаменттен.

ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫ – СЕНІМДІ МАМАН ҚОЛЫНДА

Мемлекеттің шекарасы – ел тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры. Ал сол тұғырдың беріктігін қамтамасыз ететін – тек сарбаздың қаруы емес, озық технология мен оны меңгерген кәсіби маман. Солардың қатарында ерекше еңбегімен көзге түсіп, үздік техниктер сапынан көрініп жүрген – сержант Атымтаев Риффат Зиноллович.

1983 жылдың 9 қарашасында Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданына қарасты Қамысты ауылында дүниеге келген Риффат Зиноллович балалық шағынан зеректігімен, білімге құштарлығымен ерекшеленді. Мектепті үздік аяқтаған соң, Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, «Математика» мамандығын меңгерді.

Оқу бітірісімен туған ауылына оралып, үш жыл бойы мектепте математика пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Ұстаздық қызметте де өзінің жауапкершілігімен, ұқыптылығымен көзге түсті. Алайда жүрегінде бала күннен маздаған әскери қызметке деген құлшыныс оны жаңа жолға жетеледі.

2010 жылы Риффат Зиноллович Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі БҚО департаменті Жәнібек ауданы бойынша шекара басқармасына келісімшарт бойынша қызметке қабылданды. Қызмет барысында кәсіби білімін толықтыру мақсатында «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша екінші жоғары білім алып, автоматтандырылған басқару жүйелерінің технигі лауазымын қызметін жалғастырды.

Уақыт өте келе ол саладағы үздік мамандардың бірі ретінде қалыптасып, жауапкершілік жүктелген күрделі учаскелерге сенімділікпен жұмылдырылды. Жоғары кәсіби дайындық, техникалық сауаттылық және шынайы адалдық оның басты қағидаларына айналды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша сержант Р. Атымтаев еліміздің Шекара қызметіндегі ең үздік автоматтандырылған жүйе технигі деп танылды. Бұл атақ ұзақ жылдар бойы атқарған қажырлы еңбектің лайықты бағасы еді.

2024–2025 жылдар аралығында ол істен шыққан 10-нан астам дербес есептегіш техниканы толықтай жаңартып, қайта іске қосты. 2025 жылдың қаңтарынан бастап басқаруындағы 150-ге жуық компьютер үздіксіз жұмыс істеп, бөлімшенің барлық техникалық процестері жоғары деңгейде қамтамасыз етілуде.

Атап өтерлік тағы бір маңызды жетістік – 2024 жылдың желтоқсанында Жәнібек шекара басқармасының аумағында алғаш рет оптикалық-талшықты байланыс арқылы бейнебайланыс жүйесін толық іске қосуы. Бұл жоба бөлімше жұмысын заманауи талаптарға сай жаңа деңгейге көтеріп, жедел басқару ісіне тын серпін берді.

2023–2025 жылдар аралығында қарсы барлау бөлімінің инспекциялық тексерістері кезінде бір-



де-бір құпия ақпараттың жоғалуы немесе бөгде электрондық құралдардың ену фактісі тіркелмеген. Бұл – сержант Атымтаевтың қызметіндегі тиянақтылықтың, кәсіби мұқияттылықтың және ақпараттық қауіпсіздікке деген биік жауапкершіліктің нақты дәлелі.

Бүгінде оның шекара қызметіндегі еңбек өтілі 15 жылды құрайды. Осы жылдар ішінде ол талай сыннан сүрінбей өтіп, басшылық тарапынан бірнеше мәрте марапатталды. Басқарма бастығының, департамент басшысының және ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының алғыс хаттары мен құрмет грамоталары – оның еңбегінің айқын көрінісі.

Риффат Зиноллович – өнегелі отбасының тірегі, бес баланың қамқор әкесі. Ол қызмет пен әкелік борышын теңдей алып жүрген өз ісіне де, отбасына да адал жан. Отбасындағы жылулық пен жұмыстағы тиянақтылық оның тұлғалық болмысының бір-бірін толықтырып тұратын қос қыры іспеттес.

Сержант Атымтаев Риффат Зиноллович – тек шекара техникасының білікті маманы ғана емес, елге адал қызмет етудің, заманауи технологияны меңгерудің, кәсіби жауапкершіліктің және отансүйгіштіктің үлгісі. Оның еңбек жолы – бүгінгі жас мамандарға бағыт-бағдар беретін айқын мысал, ал қызметі – шекара шебіндегі сенімді тірек.

Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет бөлімшеден.

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ШЫДАМДЫЛЫҚ

Спорт – денсаулықтың кепілі ғана емес, адамның мінезін шыңдайтын, ерік-жігерін сынайтын үлкен мектеп. Қоғамның қуаты мен мемлекет болашағы ең алдымен азаматтардың сергектігі мен шымырлығына байланысты. Сондықтан да бұқаралық спорттың мәні айрықша.

2025 жылдың 28 қыркүйегінде Алматы қаласында Орта Азиядағы ең ірі спорттық шара – «Almaty Marathon – 2025» өтті. Бұл ауқымды марафонға 60-тан астам елден 16 мыңға жуық кәсіби және әуесқой спортшылар қатысты. Қатысушылар 10 шақырымнан бастап 42,2 шақырымға дейінгі қашықтықта бақтарын сынады. Марафон трассасының жалпы биіктігі 429 метрді құраса, Алматы қаласының теңіз деңгейінен 600-900 метр аралығында орналасуы жарысқа қосымша қиындық тудырды.

Осы дүбірлі додаға ҰҚК Әскери-медициналық орталығының қызметкерлері де қатысып, өздерінің спорттық деңгейін көрсетті. Ұ.қ. майоры Мырзағали Ұлан 42,2 шақырымдық марафонда төзімділіктің



үлгісін танытты. Ұ.қ. капитандары Баймұхамедов Нұрбол мен Иманбердина Аяулым, сондай-ақ Ұ.қ. аға лейтенанты Кемелов Махмұт 10 шақырымдық қашықтықта күш-қуаттарын байқатты. Ал Ұ.қ. лейтенанты Дюсенов Абзал 21,1 шақырымда жас санаты бойынша 4-ші орынға шығып, жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Жарыс соңында барлық қатысқан әскери қызметшілер арнайы медальдармен марапатталды. Бұл олардың дене дайындығының жоғары деңгейін ғана емес, әскери қызметте де қажыр-қайрат пен төзімділіктің серігі екенін көрсетті.

«Almaty Marathon – 2025» алаңы әскери дәрігерлердің тек кәсіби салада ғана емес, спортта да биіктен көріне алатынын паш етті. Алдағы уақытта олар бұдан да үлкен жетістіктерге жетіп, ел мақтанышына айналатыны сөзсіз.

Сурет ҰҚК ӘМО-нан.

БАТЫР АМАНАТЫ – ЖАС ШЕКАРАШЫЛАРҒА

Күздің қоңыр салқыны сезілген қыркүйектің соңғы күндері Астанадағы №16 мектептің спорт залында ерекше шара өтті. Бұл жай ғана спорттық жарыс емес, жас шекарашыларға өнеге боларлық үлкен рухани мереке.

қызметі директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Б. Абсаматов пен «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы отставкадегі генерал-майор М.Сабидолданов сөз сөйлеп,

Жарыс нағыз достық пен ұйымшылдықтың мерекесіне айналды. Жас шекарашылар үшін бұл шара тек спорттық сайыс емес, батырдың өмірінен тағылым алу, оның сүйікті ойынын ойнап, ерлік рухын



Турнир шекарашы сарбаз Раджан Батыркановтың ерлігін еске алуға арналды. Раджан 1975 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауылында дүниеге келген. Бала кезінен офицер болуды армандап, 1993 жылы әскер қатарына шақырылды. Алдымен Күршім шекара отрядында қызмет атқарып, кейін өз еркімен Тәжікстандағы ТМД сыртқы шекарасын қорғауға аттанды. 1994 жылдың 28 қыркүйегінде тәжік-ауған шекарасында қарулы шайқаста ол қаруластарына жол ашып, кеудесін оққа тосып қаза тапты. Батырлығы үшін Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен Раджан Батырканов қаза тапқаннан кейін II дәрежелі «Айбын» орденімен марапат-

талды. Сондай-ақ Тәжікстан мемлекеті де ерлікті жоғары бағалап, батырдың анасы Қизат Жылқыбақызына «Спитамен» орденінің I дәрежесін табыстады. Турнирдің дәл осы №16 мектепте өткізілуінің өзіндік мәні бар. Өйткені биылғы 5 қыркүйекте мұнда «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубы ашылған болатын. Жарысқа қатысқан мектеп оқушылары да батырдың ерлігін тыңдап, ел қорғаудың қадірін ұғынды. Тағы бір қызықты жайт — Раджан Батырканов волейболды қатты жақсы көрген екен. Сондықтан жарыстың осы спорт түрінен ұйымдастырылуы да жастар үшін үлкен тағылым болды.

Жарыстың ашылу салтанатында Шекара

қатысушыларға ізгі тілектерін білдірді. Олар жас буынға батырдың ерлігін үлгі етіп, әрбір шекарашының парызы — ел тыныштығын қорғау екенін айтты.

Ойын тартысты өтті. Қорытындысында I орынды — Астана шекара бақылау басқармасы, II орынды — Күзет және қамтамасыз ету басқармасы, III орынды — Арнайы мақсаттағы басқармасы иеленді. Барлық қатысушылар «Застава тарландары» ұйымы атынан грамоталар мен сыйлықтарға ие болды. Ал басты кубоктарды жеңімпаздарға 27 қыркүйекте Шекара қызметі директорының орынбасары полковник Д. Дүйсембеков салтанатты түрде табыс етті.

сөзіну мүмкіндігі болды. Осындай игілікті іс-шараны ұйымдастырған «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігіне ерекше алғыс айтылды. Олар батырдың есімін ұлықтап қана қоймай, жас ұрпақтың жүрегіне отансүйгіштік пен адалдықтың шырағын жақты.



Бетті дайындаған
ҚР Журналистер
одағының мүшесі,
подполковник
Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген
қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.

Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi_dograp@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нұрғалиев

Редактор: Азамат Муханов

Жауапты хатшы: Еркін Кайбуллин

Тілшілер: Жанар Кемел,

Айдос Киргизбаев, Диас Жамұхамбетов

Меншікті тілшілер:

Алматы - Тамара Дәулетбаева

Ақтау - Асхат Жаналипов

Ақтөбе - Жасұлан Шармаков

Талдықорған - Манарбек Қарекенов

Жамбыл - Асыллан Жексенбин

Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов

Семей - Ердоқ Қайрат

Петропавл - Динара Мукажанова

Павлодар - Гүлзада Садыкова

Қостанай - Нұрасыл Сакен

Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі,

Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Айзат Нұкешов

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Нұрхан Кабдулов

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Немірдің кезекші редакторлары:

А.Киргизбаев, Д.Жамұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күшікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана. «Имприм» ЖШС баспаханасында басылды. Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1.

2025 жылғы 18 қыркүйек күні ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының шекара бөлімшелерінде жас сарбаздардың жүрегіне рухани нұр құйған ерекше жиын өтті. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлтымыздың ортақ мүддесі» деп аталған бұл тәрбиелік-идеологиялық шара ел ертеңін ойлаған әр жүрекке ой салды.

Шараның негізгі мақсаты – жас сарбаздардың рухани-адамгершілік құндылықтарын арттыру, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, ұлттық дәстүр мен отбасы құндылықтарын дәріптеу еді. Ел қорғаны болуға ант берген жас ұрпақ үшін мұндай кездесулердің орны бөлек. Себебі сарбаздық өмір тек әскери дайындықпен ғана шектелмей,

адамдық болмыс пен ұлттық рухты шыңдауды талап етеді.

Жиынға арнайы шақырылған қонақтар – Жамбыл облыстық «Анаға тағзым» отбасын қолдау орталығының психологы Назымбекова Аида Байәлиевна мен М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы, «ТарУ Аналар кеңесінің» төрайымы Жантаева Ардак Мықтыбекқызы сарбаздарға тағылымды әңгіме өрбітті. Олар отбасы құндылығының мәңгілік екенін, ұлттық дәстүрді қастерлеудің жас буынға бағдар болатынын жүрекке жеткізе отырып, жас сарбаздарды жауапкершілікке, парасаттылыққа шақырды.

Сөз кезегін алған лейтенант Қалиев Асылжан шекара бөлімшесінде жүргізіліп жатқан тәрбие мен идеология бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Ол сарбаздардың тек шекара күзетінде емес, елдің рухани кеңістігінде де берік тұғыр болуы қажеттігін айта келе, «ұрпақ тәрбиесі – болашаққа салынған алтын көпір»

екенін ерекше атап өтті.

«Көктем – 2025» шақырылымының сарбаздары да бұл басқосуда өз ойларын ортаға салды. Олар Отансүйгіштік пен рухани байлық жайында пікірлерімен бөлісіп, ұлттық салт-дәстүрді сақтаудың әрбір жасқа парыз екендігін талқылады. Әскердегі әрбір күннің тәрбиелік мәні бар екенін түсініп, туған ел алдындағы жауапкершілікті сезінуге қадам басты.

Бұл игі шара жас сарбаздардың бойына ұлттық рух дәнін егіп

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МҮДДЕСІ



қана қойған жоқ, олардың жүрегінде болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіндіре алды. Өйткені жастардың тәрбиесі – елдің жарқын болашағының кепілі.

Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

КҮЗ-2025

ТОРЖЕСТВЕННАЯ ВСТРЕЧА НОВОБРАНЦЕВ

В первом дивизионе береговой охраны ДПС КНБ по Мангистауской области состоялась торжественная встреча солдат осеннего призыва.

го призывники попрощались со всеми родными и близкими, которые пришли поддержать их в этот важный день.

распределены для дальнейшей службы в подразделения границы, пограничные сторожевые корабли и катера.

Для новобранцев подготовили насыщенную концертную программу: концертные номера, выступление артистов, демонстрацию оружия и техники, а также показ задержания условного нарушителя с применением служебной собаки.

На мероприятии присутствовали руководство Департамента, представители Министерства обороны, акимата, общественных и ветеранских организаций, а также родные и близкие солдат срочной службы.

Выступая перед собравшимися, начальник Департамента полковник Санат Жуманов подчеркнул:

– Сегодня вы начинаете новый, важный этап своей жизни. Служба в армии – это школа мужества. Отныне вы несете ответственность за спокойствие и безопасность нашей страны. Уверен, что каждый из вас с честью



выполнит поставленные задачи и станет настоящим защитником Родины.

В завершении встречи всем воинам вручили памятные подарки. После это-

стоит отметить, что все новобранцы уроженцы Мангистауской области. После прохождения обучения в учебном центре молодые солдаты будут

Член Союза журналистов РК
капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото рядового
С. Коблан.

АТЫРАУДАН ЖАҢА САРБАЗДАР АТТАНДЫ

Атырау қаласында күзгі әскерге шақырылған жас сарбаздарды шығарып салу және ҰҚК Шекара қызметі департаментіне қабылдау рәсімі салтанатты жағдайда өтті. Атырау гарнизоны облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті мен Шекара қызметі бірлесе ұйымдастырған шарада Отан алдындағы борышын өтеуге бел буған жас сарбаздарға ақ жол тілеп, туған-туыстары мен ел ағалары ыстық лебіздерін білдірді.



Салтанатты шара барысында мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран шырқалды. Оннан аса жас сарбаз Құрманғазы, Қызылқоға және Исатай шекара бөлімшелеріне жол тартты. Олар енді шекара бойындағы бөлімшелерде қызмет етіп, ел шебін күзетеді.

Жас сарбаздарды шығарып салуға келген ата-аналардың көңіл күйі толқулы. Бірі қуаныштан көз жасын жасырса, енді бірі ұлының азамат болып, ел қорғайтын жолға түскеніне мақтанды.

Осы сәтте сөз алған әскерге шақырылғандардың әкелерінің бірі, Базарбай Мұқашев, жүрекжарды лебізін жеткізді:

– Әскерге бала шығарып салу – әрбір әке үшін үлкен сынақ. Толқисың, алайда іштей мақтаныш сезімі басым. Өзім де кезінде Отан алдындағы борышымды өтедім, сондықтан әскердің жас ұрпақ үшін үлкен тәрбие мектебі екенін жақсы білемін. Барлық сарбаздарға жеңіл қызмет пен аман-есен оралуын тілеймін, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы күзгі әскерге шақыру науқаны 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

Салтанатты шара соңы жылы тілектерге, туыстардың жүрекжарды қоштасуларына ұласты. Жас сарбаздардың жүзінен мақтаныш пен жауапкершілік сезімі байқалды. Олар үшін бұл – жаңа өмірдің бастамасы, ал ел үшін – болашақ қорғанының сенімді буыны.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.